

**МЕКТЕП ЖАСЫНА ДЕЙІНГІ БАЛАЛАРДЫҢ СӨЗДІК ҚОРЫ****Адилбаева Г.Е.***Шыршық мемлекеттік педагогика университеті  
Мектепке дейінгі білім факультеті 2-курс студенті*

**Аңдатпа.** Мақалада мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту жайында шолу жасалған.

**Abstract.** *The article reviews the vocabulary development of preschool children.*

**Кілт сөздер:** *бала, мектеп жасына дейінгі, сөздік, ойын, қоғам.*

**Key words:** *child, preschool, vocabulary, game, society.*

Мектеп жасына дейінгі балалардың сөздік қорларын дамыту ісіне тәрбиешінің - балалардың сөздік қорларын дамыту, жаңа сөздерді меңгерту, үйренген сөздерін тиянақтап анықтап әрі байытып отыру басты міндет саналады. Бұндай міндеттерді тәрбиеші міндетті түрде барлық сөздік жұмыстар арасында қолдануы керек. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулар пайдаланған әлдеқайда тиімдірек. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын – бала әрекетінің негізгі түрі. Ойын арқылы қоғамдық тәжірибені меңгереді, өзінің психологиялық ерекшеліктерін қалыптастырады. Бала ойынында да қоғамдық, ұжымдық сипат болады. Мәселен, кез – келген бала еш уақытта жалғыз ойнамайды, қатар құрбыларымен бірлесіп ойнайды, сол арқылы бір – бірімен өзара қарым – қатынас жасайды. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып өзіне таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын - бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады.

Қоршаған ортамен таныстыру бойынша балалар өзінің аты-жөнін, жасын, жанұясын, балабақшадағы тәрбиешілермен топтағы балалардың аты-жөніндерін тани бастайды. Балабақшаның ішкі құрылысымен таныстырылып, топ бөлме, асхана, дәрігер бөлмесі, т.б айырмашылықтарын ажырата бастайды. Сонымен қатар, әр бөлмеде жұмыс түрін, қажетті құралдарды, олардың аты, не үшін қажет, неден жасағаны, қайда, кімде, қандай, кім не істейді сұрақтарына дұрыс жауап беруге балабақшада өздері немен шұғылданатыны туралы әңгімелейді.

Балалар, әсіресе, ұлдар жағы қызығы көлік түрлерін, яғни ұшақ, поезд, жеңіл, жүк машина және әртүрлі көліктер түрлерінің міндеттерін жақсы біледі. Балалар бос уақытында жүк машинасымен ойнағанды жақсы көреді. Ол өз ойыншығы жайлы айту арқылы көрінбейтін түрде өз тілін өзі дамытып жатыр. Қоршаған ортаның бала тілін осы мектепке дейінгі кезеңде дамытудағы алатын ролі зор.



Мектепке дейінгі балалардың психологиялық ерекшеліктеріне сәйкес оларды оқыту, тәрбиелеу мәселесінде жалықтырмайтын, белсенді іс-әрекеті әдіс тәсілдер пайдаланған дұрыс. Өзімізге белгілі балалардың зейіндері тұрақсыз әрі бірқалыпты жағдайларды ұната бермейді. Бұл жастағы балалар оқу үрдісінде «жарқ» ететін сәттер көбірек болып, оларды еліктіріп әкету керек. Оларды оқуға әрдайым қызықтырып отыру және белсенділіктерін арттыратын оқыту мен тәрбие берудің белсенді әдіс-тәсілдерін пайдалануымыз керек.

Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамыту ісінде тәрбиешінің:

-балалардың тілдік қорларын дамыту;

-жаңа сөздерді меңгеру;

-үйренген сөздерін тиянақтап, анықтап, әрі байытып отыру басты міндет саналады.

Осы аталған міндеттерді тәрбиеші үнемі сөздік жұмысын жүргізуде басшылыққа алып отыруы тиіс. Балалардың сөздік қорын дамытуда ойын, тапсырма, жаттығулардың орны ерекше. Соның ішінде ойын – баланың шын тіршілігі. Ойын арқылы бала айналасындағы нәрседен өзіне қызықтысына ықыласы ауып, таңдап алады. Баланың бір ерекше қасиеті сөйлеуден еш жалықпайды. Ойын бала тілінің дамуына ықпалын тигізіп, таным белсенділігінің дамуына жол ашады. Қай бала болмасын ойынмен өседі, өйткені бала табиғатының өзі тек ойынмен байланысты. Сөздік қорды дамыту ісін ұйымдастыру жұмысында ойын сабағы ең негізгі орын алады. Тәрбиеші бақылау, заттарды қарау, сурет қарау, жұмбақ шешу және құрастыру, саяхат, ойын-сабақтарын ұйымдастыру барысында балалардың сөздік қорларын дамытады.

### ПАЙДАЛАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР

1. Ә.С.Әмірова, К.А.Анартаева Тіл дамыту әдістемелік құрал. – Алматы: Ғылым, 2006.
2. Б.Баймұратова Мектеп жасына дейінгі балалардың байланыстырып сөйлеу тілін дамыту. – Алматы: Мектеп, 2006
3. Қ.Меңдаяқова Мектеп жасына дейінгі балалардың тілін дамытудың ғылыми негіздері. – Алматы: Ғылым, 2007.
4. «Бала мен балабақша» журналы, 2010ж.
5. Ұстаз «Балбөбек» ғылыми – әдістемелік журналына қосымша, Орал-2005жN<sup>o</sup>1
6. Н.Ақбай «Кел балалар ойнайық», Алматы - 2006ж
7. Ikromov, I. (2023). Pedagogik amaliyotni amalga oshirish jarayoni tizimli tashkil qilish. Namangan davlat universiteti Ilmiy axborotnomasi, (6), 729-736.
8. Ikromov, I. M. (2023). General characteristics of the organization of continuous pedagogical experimental work. NamDU axborotnomasi, 5(3), 863-869.



9. Исманова, М. А. (2021). Развитие и оценка функциональной грамотности школьников на основе международных исследований PIRLS. Экономика и социум, 9(88), 405-407.
10. Abdumuminovna, I. M. (2023). Mechanisms of creative skills formation in students. Open Access Repository, 9(6), 171-175.
11. Ismanova, M. A. (2023). Maktabgacha yoshdagi bolalarda atrof-muhit va uning muammolari. Mugallim, 1(1), 75-78.
12. Ismanova, M. A. (2022). Methodology of teaching history as an academic subject. Mugallim, 2(12), 78-80.
13. Исманова, М. А. (2022). Психологические свойства формирования профессиональной направленности личности педагога. Мугаллим, 5(15), 16-20.
14. Исманова, М. А. (2022). Болалар психологиясининг умумий масалалари. Мугаллим, 5(3), 15-18.
15. Исманова, М. А. (2022). Мактабгача таълим ташкилотларда турли фаолиятларда кластер методидан фойдаланиш. Academic research in educational sciences, 3(12), 80-83.
16. Ismanova, M. A. (2021). Maktabgacha ta'lim tashkilotlarida rahbarlik qilish va tashkil etish masalalari. Academic research in educational sciences, 2(5), 1581-1587.
17. Ibadullaev, K. (2022). Features of the organization and conduct of international assessment programs. Журнал иностранных языков и лингвистики, 6(6), 1-10.
18. Ibadullayev, Q. M. (2022). Specific Characteristics of Organizing and Conducting International Assessment Programs. International Journal on Integrated Education, 5(12), 140-143.
19. Ibadullayev, Q. M. (2022). Features of the organization and conduct international assessment programs. Mental Enlightenment Scientific-Methodological Journal, 1(6), 2-10.
20. Ibadullayev, Q. M. (2022). The content and importance of establishing educational quality control. Mental Enlightenment Scientific-Methodological Journal, 1(6), 12-19.
21. Ибадуллаев, К. М. (2022). Ўрта таълимга инновацияларни жорий этишнинг мамлакатимиз ижтимоий тараққиётидаги аҳамияти. Экономика и социум, (4-2 (95)), 887-890.
22. Ибадуллаев, К. М. (2021). Педагогик таълим кластери бўйича хориж тажрибаси. Academic research in educational sciences, 2(12), 1543-1551.